

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңы бойынша сұрақтар және оған жауаптар

Қоғамдық бақылау дегеніміз не?

Қоғамдық бақылау - бұл азаматтардың немесе коммерциялық емес органның министрліктердің, әкімдіктер мен мәслихаттардың, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындаушылар болып табылатын білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларындағы мекемелердің және квазимемлекеттік сектордың **қызметін бақылау мақсатында** жүзеге асырылатын шара деп білеміз.

Сонымен бірге, қоғамдық бақылау - қоғамдық бақылау субъектілерінің (азаматтардың, КЕҰ) қоғамдық бақылау объектілерінің қызметін азаматтар мен қоғамның жеке мүдделеріне қатысты мүдделер мен сауалдарға емес, қоғамдық мүдделерге сәйкестігін талдауға және бағалауға бағытталған қызметі.

Қоғамдық бақылаудың барлық объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңдылықтарын мүдделерін қозғайтын қоғамдық бақылау объектілері қызметінің мәселелері бойынша жүргізілуге тиіс.

Қоғамдық бақылауды қалай жүргізу керек?

Қоғамдық бақылау әртүрлі нысандарда қоғамдық талқылау, қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама түрінде, сондай-ақ заңда белгіленген басқа нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Қоғамдық бақылау бір мезгілде бірнеше нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін екенін білу маңызды.

■ Айта кету керек, қоғамдық бақылау **тексеру** немесе **тексеру шарасы** болып табылмайды.

Қоғамдық бақылауды қай жерлерде жүзеге асыруға болады?

«Қоғамдық бақылау туралы» заңға сәйкес қоғамдық бақылау объектілері, олар:

■ атқарушы мемлекеттік органдар мен жергілікті билік органдарына министрліктер, барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы және өкілді органдар (әкімдіктер мен мәслихаттар) кіреді.

■ Қоғамдық бақылау объектілеріне Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Агенттіктер, сондай-ақ «Қоғамдық бақылау туралы» заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік органдар кірмейтінін есте ұстаған жөн.

■ **мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелерге** білім беру және денсаулық сақтау мекемелері, мектепке дейінгі ұйымдар, дене шынықтыру сауықтыру мекемелері мен мәдениет мекемелері, яғни өз қызметін **бюджет қаражаты есебінен** қамтамасыз ететін мекемелер жатады.

■ **квазимемлекеттік сектор субъектілеріне** құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар, ЖШС, акционерлік қоғамдар, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар.

■ Ұлттық басқарушы холдингтерде қоғамдық бақылау мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінген бөлігінде жүзеге асырылады.

■ **дербес білім беру ұйымдары** – Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын, құқықтық мәртебесі және қызметінің айрықша құқықтық режимі «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Заңда айқындалатын, мүшелігі болмайтын коммерциялық емес ұйым.

Оларға өңірлердегі Назарбаев Зияткерлік мектептері, сондай-ақ Назарбаев Университеті жатады.

■ **орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар болып табылатын ұйымдар** - мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік функцияларды орындау жүктелген коммерциялық емес ұйымдар.

Мысалы, арнайы әлеуметтік қызметтер, ЖШС (автомобильдерді техникалық байқау орталықтары және т.б.).

Қоғамдық бақылауды кімдер жүргізе алады?

Қоғамдық бақылаудың негізгі субъектілері заңмен анықталған, олар:

■ **ҚР азаматтары** - жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар, он сегіз жасқа толмаған адамдар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикасының, мінез-құлқының бұзылуына (ауруына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты есепте тұрған адамдар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, экстремистік

және террористік қылмыстар жасағаны үшін бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар.

■ діни бірлестіктерді қоспағанда, Қазақстанда тіркелген **коммерциялық емес ұйымдар.**

■ Шетелдік қатысуы бар коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ қызметі тоқтатылған не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық бақылауға қатыса алмайтынын ескеру маңызды.

■ қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығы немесе өкілеттігі берілген **өзге де субъектілер.**

Оларға басқа да Заңдармен айқындалған Қоғамдық кеңестердің мүшелері, Ұлттық алдын алу тетігі, Арнайы мониторингтік топтардың мүшелері және басқалар жатады.

Қоғамдық бақылау тобы дегеніміз не?

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның 6-бабының, 1 және 3-тармақтарына сәйкес қоғамдық бақылау субъектілері, яғни азаматтар немесе коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық бақылауды жеке немесе **қоғамдық бақылау топтарына қатысу арқылы** жүзеге асырады.

Азаматтар өз бастамасы бойынша нақты мәселе бойынша қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін **құрамында 5 адамға дейін** құрайтын **қоғамдық бақылау тобы** болып біріге алады.

Қоғамдық бақылау тобын қалыптастыру тетігі?

Нақты мәселе бойынша қоғамдық бақылауды жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда азаматтар (5 адамға дейін) қоғамдық бақылау тобын қалыптастыру туралы өз шешімін хаттама түрінде еркін нысанда ресімдейді.

Топтың сандық құрамы бес адамнан аспауы керек.

Қоғамдық бақылау тобын қалыптастыру кезінде Заңның **6-бабының 2-тармағында** көзделген талаптар міндетті түрде ескерілуге тиіс.

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру механизмі?

Азаматтар немесе коммерциялық емес ұйымдар жұмысты бастамас бұрын қоғамдық бақылау объектісін қоғамдық **бақылауды жүзеге асыру туралы хабардар етуге**, ал қоғамдық бақылау тобы құрылған жағдайда растайтын құжаттары бар қоғамдық бақылау тобының құрамын бекіту туралы хаттама жолдауға міндетті.

Қоғамдық бақылау аяқталғаннан кейін қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын **қорытынды құжатты** қоғамдық бақылау объектілеріне қарауға жолдайды.

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін **барлық қажетті шығындарды қоғамдық бақылау субъектілері өздері** көтереді.

Субъект, объектіден дәлелді жауап алғаннан кейін, келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға не сотқа жүгіне алады.

Қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық бақылауды жүргізуі туралы қоғамдық бақылау объектілерін ақпараттандыру қалай жүзеге асырылады?

Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау объектісін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру туралы хабардар етуге міндетті (Заңның 7-бабы 2-тармағының 3-тармашасы) және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқығы бар (Заңның 7-бабының 1-тармағы, 3-тармақшысы).

■ **Қоғамдық талқылау** ұйымдастырылған жағдайда - өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күні бұрын БАҚ-та қоғамдық талқылаудың күні, уақыты, орны мен нысаны туралы мәліметтерді, сондай-ақ қоғамдық талқылау нысанасына қатысты ақпаратты орналастырады.

■ Ақпараттандыру және сұрау салу азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің **Е-Өтініш бірыңғай платформасы арқылы жүзеге** асырылады.

Қоғамдық бақылау объектілері ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес **өз қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті**.

Қоғамдық бақылау тобы бақылау жүргізу үшін кеңселерге кіре ала ма?

Заңға сәйкес субъектілер ақпаратты жинау, қорыту және талдау жолымен **қоғамдық мониторингті** жүзеге асырады, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен қоғамдық бақылау объектілерінен қажетті ақпаратты сұратады.

Қажет болған жағдайда объектінің аумақтары мен үй-жайларына келумен қоғамдық мониторингті **келісім бойынша** жүзеге асыра алады.

Субъектілердің құқығы Заңның 7-бабы 1-тармағының 2-тармақшасымен бекітілген, осыған сәйкес субъект қоғамдық бақылау

объектісімен **жазбаша келісім бойынша** қоғамдық бақылау объектісінің аумақтары мен үй-жайларына баруға құқылы.

Заңдылық пен субъектілердің заң талаптарына сәйкестігін кім тексереді?

Қоғамдық бақылау субъектісі заң талаптарына сәйкестігі туралы ұсынылған ақпараттың дұрыстығына **тікелей жауапты болады.**

Қоғамдық бақылау жүргізу туралы хабарлама беру кезінде объектінің аумақтары мен үй-жайларына бару қажет болған жағдайларда қоғамдық бақылау субъектісі міндетті түрде қоғамдық бақылау субъектілерінің Заңның 6-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпаратты қоса береді.

Қандай жағдайларда объектілер қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін аумақтарға барудан бас тарта алады?

Қоғамдық бақылау объектісі растайтын құжаттар сәйкес келмеген және негіздеме болмаған жағдайда Заңның 6-бабына сәйкес бас тартуға құқылы.

Сонымен қатар, Заңның 8-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес қоғамдық бақылау объектілері Заңның 12-бабы 5-тармағында көзделген жағдайларда, яғни қоғамдық бақылау объектілерінің алдыңғы қоғамдық мониторинг жүргізілген кезден бастап алты ай ішінде сол бір ғана объектіге барып не сол бір ғана мәселе бойынша қоғамдық мониторинг жүргізу жағдайында қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына баруға рұқсат бермеуге құқығы бар.

Қоғамдық бақылау кімнің есебінен жүзеге асырылады?

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңға сәйкес қоғамдық бақылау субъектісі қоғамдық бақылау жүргізуге тікелей жауапты болады.

Қоғамдық бақылауды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету қоғамдық бақылау субъектілерінің қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.

Қоғамдық талқылау қалай өткізіледі?

Қоғамдық талқылау қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын актілері мен шешімдерін жария қарауды ұйымдастыру мақсатында өткізіледі.

■ Қоғамдық талқылаудың тақырыбы, күні, уақыты, орны мен нысаны туралы ақпарат және қоғамдық талқылау мәселесіне қатысты ақпарат БАҚ-та қоғамдық талқылау өткізілетін күнге дейін **3 жұмыс күнінен кешіктірілмей** орналастырылуға тиіс.

■ Қоғамдық бақылау субъектісінің хабарламасы мен шақыруы қоғамдық талқылау өткізілетін күнге дейін қоғамдық бақылау объектісіне **5 жұмыс күнінен кешіктірілмей** жіберілуге тиіс.

■ қоғамдық бақылау объектілері қатыса алады, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша ұйымға (қоғамдық бақылау субъектісіне) жәрдем көрсете алады.

Қоғамдық сараптама қалай жүргізіледі?

Қоғамдық бақылау объектілерінің қызмет барысында қабылданатын, шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын актілері мен шешімдері қоғамдық сараптаманың нысанасы болып табылады.

■ Тиісті салада жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тиісті салада кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, қоғамдық сараптама пәні бойынша ғылыми және (немесе) практикалық білімі бар жеке тұлға сарапшы бола алады.

■ **сарапшылардың қорытындыларын** қамтитын қоғамдық сараптаманың қорытындысы қорытынды құжат түрінде ресімделеді және қарау үшін қоғамдық бақылау объектілеріне жіберіледі.

Қоғамдық мониторинг қалай жүргізіледі?

Қоғамдық мониторинг дегеніміз - адамдардың шексіз тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын қоғамдық бақылау объектілері қызметінің барысын бақылау.

Қоғамдық мониторинг қоғамдық бақылау объектілерінің актілері мен шешімдеріне қатысты ақпаратты **жинау, қорыту және талдау** жолымен жүргізіледі.

Қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына барумен қоғамдық мониторинг қажет болған жағдайда қоғамдық бақылау объектісімен келісім бойынша жүргізіледі.

Қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй жайларына барумен қоғамдық мониторингті жүзеге асыруға келісу туралы өтінішке:

- қоғамдық бақылау субъектілерінің тізімі;
- Заңның 6-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат;

- қоғамдық бақылау объектісіне бару қажеттілігінің негіздемесі қоса беріледі.

Қоғамдық бақылау объектілерінің алдыңғы қоғамдық мониторинг жүргізілген кезден бастап **алты ай ішінде** сол бір ғана объектіге барып не сол бір ғана мәселе бойынша қоғамдық мониторинг жүргізу жағдайында қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына баруға рұқсат бермеуге құқығы бар.

Қоғамдық бақылау нәтижелері қалай ресімделеді?

Қоғамдық бақылау процесі аяқталғаннан кейін қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын хат, қорытынды, хаттама және т.б. түрінде болуы мүмкін қорытынды құжат әзірленеді.

■ Қорытынды құжатқа:

- қоғамдық бақылауды жүзеге асыру күні, уақыты және орны, қоғамдық бақылаудың міндеттері туралы ақпарат;
- қоғамдық бақылау субъектілерінің тізімі және олардың заң талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат;
- қоғамдық бақылау нысандары туралы ақпарат;
- қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде анықталған фактілер мен мән-жайлар туралы ақпарат;
- қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде алынған өзге де құжаттар қоса беріледі.

■ Қоғамдық бақылау субъектісі қорытынды құжатты қоғамдық бақылау объектісіне қоғамдық бақылау аяқталған күннен бастап **жеті жұмыс күнінен кешіктірмей**, қазақ тілінде және (немесе) басқа да тілдерде жібереді.

■ **Қорытынды құжат** қоғамдық бақылау объектілерінің **қарауы үшін міндетті болып** табылады.

■ Қоғамдық бақылау объектілері қорытынды құжатты алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, қоғамдық бақылау субъектісіне **әрбір ұсыным бойынша жеке-жеке уәждеделген жауап** жібереді.

■ Қоғамдық бақылау объектілері қорытынды құжатта көрсетілген мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті түрде қарау үшін шаралар қабылдауға және қоғамдық бақылау субъектісіне, егер бұл басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзбаса, оның ұсынымдарын тыңдау нысанында қарауға қатысу мүмкіндігін беруге міндетті.

- Тыңдау қоғамдық бақылау субъектісін шақыру арқылы, оның ішінде бейнеконференцбайланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

- Қоғамдық бақылау субъектісі тыңдау туралы алдын ала, бірақ қорытынды құжатты қарау жөніндегі шешім қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Қорытынды құжатты қарау қорытындысы бойынша оң шешім қабылданған жағдайда тыңдау рәсімі өткізілмейді.

- Қоғамдық бақылау объектісі қорытынды құжатты қараудан бас тартқан жағдайда қоғамдық бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға шағым жіберуге құқығы бар.